

**Педагогикалық кеңестің  
№ 4 хаттамасы**

**Өткізу мерзімі:** 2026 жыл 31 наурыз

**Тақырыбы:**

«Ұлттық ойын – ойды өсіреді»

**Қатысқан:** педагогикалық ұжым

**Күн тәртібінде:**

1. № 3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.  
Меңгеруші: Г. Калиякасова
2. № 4 педагогикалық кеңеске ұйымдастырылған ашық іс- әрекетінің анықтамасы  
Әдіскер: Л. Дуйсекулова
3. Шебер сынып  
«Ұлттық ойындардың бала дамуындағы рөлі»  
Дене шынықтыру нұсқаушысы: Б. Бағдатова
4. Квест ойын: «Кім тапқыр?» әдісі  
Әдіскер: Л. Дуйсекулова
5. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту  
Меңгеруші: Г. Калиякасова

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз бастаған балабақшаның меңгерушісі Г. Калиякасова педагогтерді №4 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырды. Өткен №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімінің орындалуына тоқталды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Л. Дуйсекулова № 4 педагогикалық кеңеске ұйымдастырылған ашық іс - әрекеттерінің анықтамасына тоқталды. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет барысында ұсынылған жаңашылдықтарды күнделікті іс-әрекетте жандандыруды, кеткен кемшіліктердің орнын толтыру үшін нәтижелі жұмыстар жасап, алдағы уақытта өз істеріне үлкен жауапкершілікпен қарауды тапсырды. Тәрбиеленушілерді ойната отырып бойларына ұлттық құндылықты, ұлттық тәрбиені сіңіруді, патриоттық сезімдерін оятуды ұсынды. Жаңа технологияларды барынша қолдану аясын кеңейтуді тапсырды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз сөйлеген балабақшаның дене шынықтыру нұсқаушысы Б.Бағдатова «Ұлттық ойындардың бала дамуындағы рөлі» тақырыбындағы шебер сыныбымен бөлісті. Бала тәрбиесіндегі ұлттық салт-дәстүріміздің маңыздылығын ашып түсіндірді.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыра отырып барлық педагогтер қауымын күнделікті бала бойына сіңіріп отырған салт-дәстүрімізді, ұлттық ойындарымызды кеңінен насихаттауға шақырды. Мектепке дейінгі жаста баланың бойына қандай құндылықтарды сіңіретін болсақ есейген кезде де сол құндылығын сақтайтынын, елінің патриоты болатынын сөз етті. Ұлттық ойындар арқылы балалардың физикалық қабілеттерімен қатар танымдық қабілеттерін арттыруға болатынын ескертті.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөз алған балабақшаның әдіскері Л.Дуйсекулова «Кім тапқыр?» әдісі арқылы педагогтермен квест ойын өткізді. Педагогтерді «Тұлпар» және «Сұңқар» етіп екі топқа бөліп алып, картада белгіленген бекеттерді тауып, ондағы ұлттық ойындар арқылы орындалатын тапсырмаларды қызыға орындады. Топтаса отырып тапсырманы орындап, нәтижесін бір-бірімен бөлісудің тиімділігін түсіндірді. Дәл осы әдісті ортаңғы, ересек, мектепалды топтарының тәрбиеленушілеріне жас ерекшелігін ескере отырып, топтық жұмыс жүргізу барысында қолдануға кеңес берді. Бұл әдіс арқылы балалар бірлесе, ауызбіршілікте жұмыс жасауға, бірін-бірі тыңдауға, өз ойларын ортаға еркін сала білуге үрететінін айтып өтті.

### **Шешімдер қабылданды:**

1. № 4 педагогикалық кеңеске ұйымдастырылған ашық іс- әрекеттері барысында берілген ұсыныстар бойынша жұмыстар жүргізілсін.  
Жауапты: әдіскерлер, тәрбиешілер, педагогтер
2. Ұлттық ойындар күнделікті күн тәртібіне енгізіліп, кеңінен қолданылсын.  
Жауапты: әдіскерлер, тәрбиешілер, педагогтер
3. Квест ойынында насихатталған ойындар күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерде жүйелі түрде қолданылсын.  
Жауапты: әдіскерлер, тәрбиешілер, педагогтер
4. Осы шешімдердің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Меңгеруші:**

Г. Калиякасова

**Хатшы:**

А.Косбармахова



